

"Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит берудің шарттарын айқындау туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 402 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1295 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) кредит берудің мынадай шарттары айқындалсын:
 - 1) кредит мөлшері 120000000000 (он екі миллиард) теңгені құрайды (бұдан әрі - к р е д и т) ;
 - 2) кредит берудің мақсаты қарыз алушының екінші деңгейдегі банктер берген, қарыз алушының талаптарына сәйкес келетін ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарын сатып алуы үшін облигациялар шығару кезінде қорландыру құнын төмендету б о л ы п т а б ы л а д ы ;
 - 3) кредит қарыз алушыға жылдық 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызға тең сыйақы ставкасы бойынша 20 (жиырма) жыл мерзімге мерзімдік, ақылылық және қайтарымдылық шарттарында теңгемен беріледі;
 - 4) игеру кезеңі кредитті қарыз алушының шотына аударған күнінен бастап 2 (екі) ж ы л д а н а с п а й д ы ;
 - 5) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген кредит мерзімі аяқталғаннан кейін біржолғы жүзеге а с ы р а д ы ;
 - 6) кредит бойынша есептелген сыйақыны төлеу жылдық кезеңділікпен жүзеге асырылады. Есептелген сыйақыны алғаш төлеуді кредит беруші кредитті игеру күнінен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін жүргізеді;
 - 7) республикалық бюджеттен кредит бөлуді кредиттің барлық сомасын қарыз алушының корреспонденттік шотына біржолғы аудару жолымен жүзеге асырылады.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) к р е д и т ш а р т ы н ж а с а с у д ы ;
 - 2) кредиттің мақсатты және тиімді пайдаланылуын, оны өтеу мен оған қызмет көрсетуді бақылауды және оның мониторингін қамтамасыз етсін.
3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.11.16 N 1844 Қаулысымен.**
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК